

XXI ҒАСЫР ТЕҢІЗ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ – ТЕҢІЗ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Аяна САПАР*	магистрант, саясаттану кафедрасы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, erlankyzy02@mail.ru
Жұлдыз ТУРЕКУЛОВА	PhD доктор, саясаттану кафедрасының доценті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, turalova74@mail.ru , ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-2461-2488
Нурлан МУМИНОВ	PhD доктор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, n.muminoff@gmail.com ; Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, n.mumiov@ayu.edu.kz , ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-7824-7044

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 10/10/2023

DOI: 10.52123/1994-2370-2023-1114

ӘОЖ 327

FTAXTK 11.25.91

Аңдатпа. Жаһандық саяси ландшафт жылдам өзгеріп жатқан дәуірде және Қытайдың қарқынды дамуы жағдайында бұл елдің заманауи әскери саясаты әлемдік қауымдастықтың назарын аударатын негізгі факторға айналууда. Қытай жүргізіп жатқан заманауи әскери-теңіз саясаты, елдің егемендігін, қауіпсіздігін және ұлттық мүдделерін қорғауға бағытталған қадам. Қазіргі таңда Қытай Халық Республикасының геосаяси бағытында Таяу Шығыс аймағының орны үлкен. Сонымен қатар, аймақтық ынтымақтастықты және Шығыс-Батыс арасындағы сауда мен инвестицияны дамытуға бағытталған ауқымды инфрақұрылымдық «Бір белдеу бір жол», «XXI ғасырдағы теңіз Жібек жолы» геосаяси жобаларын дамыту жолындағы стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін Қытай стратегияларында Таяу Шығыс аймағының маңызы артып отыр. Осы мақалада, Қытай Халық Республикасының қазіргі әскери саясатының даму үрдістері қарастырылып, Таяу Шығыс аймағы, оның ішінде Парсы Шығанағы мен Солтүстік Африка аймағындағы араб елдеріндегі геосаяси, әскери-теңіз мүдделеріне талдау жасалады. Қытайдың Парсы Шығанағындағы, Қызыл теңіздегі және Үнді мұхитындағы әскери-саяси мүдделері зерделеніп, аймақтың жетекші елдерімен қарым қатынасы қарастырылады.

Түйін сөздер: Қытай, әскери саясат, аймақтық ынтымақтастық, геосаяси бәсекелестік.

Abstract. In an era of rapidly changing global political landscape and amidst China's rapid development, the contemporary military policy of this country emerges as a pivotal factor that captures the attention of the global community. Modern military policy and a set of military-political measures to modernize the army are declared by China as a step aimed at protecting the sovereignty, security and national interests of the country. Moreover, military policy is becoming an important direction for China's development in implementing the strategic goals of the large-scale infrastructure geopolitical project "One Belt – One Road," aimed at developing regional cooperation, trade and investment between East and West. In this regard, the article examines the development trends of modern military policy of the People's Republic of China, and also analyzes military-political interests in the Middle East. The military-political interests of China in the Persian Gulf, the Red Sea and the Indian Ocean are studied, and relations with the leading countries of the region are examined.

Keywords: China, military policy, regional cooperation, geopolitical competition.

Аннотация. Современная военная политика и комплекс военно-политических мер по модернизации армии декларируется Китаем как шаг, направленный на защиту суверенитета, безопасности и национальных интересов страны. Более того, военная политика становится важным направлением для развития Китая при реализации стратегических целей масштабного инфраструктурного геополитического проекта «Один пояс – один путь», направленного на развитие регионального сотрудничества, торговли и инвестиций между Востоком и Западом. В связи с этим в статье рассматриваются тенденции развития современной военной политики Китайской Народной Республики, а также анализируются военно-политические интересы на Ближнем Востоке. Изучаются военно-политические интересы Китая в Персидском заливе, Красном море и Индийском океане,

*Хат-хабарларға арналған автор: А. Сапар, erlankyzy02@mail.ru

рассматриваются отношения с ведущими странами региона.

Ключевые слова: Китай, военная политика, региональное сотрудничество, геополитическая конкуренция.

Кіріспе

Жаһандық саяси ландшафт жылдам өзгеріп жатқан дәуірде және Қытайдың қарқынды дамуы жағдайында бұл елдің заманауи әскери саясаты әлемдік қауымдастықтың назарын аударатын негізгі факторға айналууда. Халықаралық саясаттағы Қытайдың рөлі туралы пікірталастар қайшылықтарға толы. Басты түйін – Қытайдың әлемдік гегемонға айналуына қатысты мәселелерге келіп тіреледі. Геосаяси гегемондық қандай да бір мемлекеттің халықаралық қатынастар жүйесіндегі үш саладағы: экономикалық, саяси және идеологиялық үстемдігінен туындайды. И. Валлерстайн, 1618-1671 жылдардағы нидерландық, 1792-1896 жылдардағы британдық, 1914 жылдан қазіргі кезеңге дейінгі американдық гегемония кезеңдерін ерекшелейді, яғни тарихи түрде гегемондыққа негізінен талассократиялық державалар иелігі дәйектейді. Батыс геосаяси тұжырымдамаларында Қытай геосаясатына қатысты «Қытай әлемі» және «әлемдік Қытай» түріндегі екі көзқарас қалыптасқан. «Қытай әлемі», басты этникалық топ – ханьдар мекендеген, «қытайлар мен варварлар арасындағы қатынасты» анықтайтын әлемдік тәртіп пен дүниетанымды қамтитын геосаяси кеңістік болса, «әлемдік Қытай» - 1840 жылы «Апиын соғыстары» нәтижесінде Батыс елдері тарапынан күшпен «ашылған», Батыстың ықпалымен дамыған, әлемдік капиталистік жүйенің толыққанды мүшесі болған және соңғы онжылдықтарда өзінің тәуелсіз орнын жеңіп алған жаһандық әлемдегі Қытай. Дәстүрлі түрде Қытай сыртқы саясаты «Орта патшалық» теллурократиялық қағидаттарына негізделіп келді, ал қазіргі саяси жағдайда, Тынық мұхиттың батыс жағалауында және азиялық құрлықтық бөліктің шығысында орналасқан ерекше географиялық артықшылықтарға ие Қытай, теңіз күшіне ерекше мән беріп, талассократиялық державаға айналу үшін әлеуетін арттыруға ұмтылып отыр. Американдық геосаясатшы Роберт Капланның пікірінше, құрлықтық және теңіз күштерін қатар дамытып отырған ел,

географиялық ұтымды жағдайының арқасында геосаясаттағы маңызды рөлін қамтамасыз етіп, болашақта әлемдік держава мәртебесіне ие болады [1]. Бұл мәселе, Жібек жолы жобасын құрлықтық, теңіздік сауда жолдары арқылы ұштастырған Қытайдың теңіз саясатының бағыттарын, үрдістерін зерттеудің өзектілігін туындатады.

Екіншіден, қазіргі жағдайдағы әлемдік тәртіптің дағдарысы, мемлекеттер арасындағы қайшылықтар, геосаяси бәсекелестік, мемлекетаралық алауыздықтар іргелі мәселеге айналып отыр. Жалпы, мемлекеттердің әскери-саяси бағыты бір жағынан қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету және сыртқы агрессиядан қорғану мақсатындағы ұстанымдарға ие болса, екінші жағынан, экономикалық және саяси мүдделерін жүзеге асырудың құралы ретінде, сауда жолдарына бақылау жасау, өз үстемдігін орнатуға бағытталады. Пекин, өзін әлемдегі көп полюсті геосаяси орталықтардың бірі ретінде қарастырады және XX ғ. 80-жылдардың ортасынан бастап жаһандық күштер тепе-теңдігін биполярлы құрылымнан көпполярлыға айналдыру ұстанымын қолдап келеді. Алайда, әлемдік саяси процестерге интеграциялану дәрежесі қарқынды өсіп отырған, ұлттық мүдделерінің стратегиялық және географиялық көкжиектері жаңа деңгейге көтерілген Пекиннің сыртқы саясатындағы қағидалары өзгеріп, елдің жаһандық гегемондыққа ұмтылысы артуы мүмкін деген көзқарастар, пікірталастар тудыратын мәселеге айналғаны сөзсіз.

Осы орайда, әлемдік күш орталықтарының бәсекелестігі жағдайындағы, Қытайдың ұлттық мүдделері аясында жүргізілетін әскери саясатының басым бағыттарын айқындау, заманауи сыртқы саяси стратегияларының өзгерісі және жүзеге асыру қағидаттарына ғылыми тұрғыдан сараптама жасау, қауіпсіздікке қатысты ұстанымдарын, геосаяси императивтерін ұлттық мүдделерімен байланыста зерттеу, болашақтағы іс-қимылдарын болжамдау өзекті және өміршең мәселе болып табылады.

Мақаланың өзектілігін арттыратын негізгі мәселелердің бірі – Қытайдың Таяу Шығыс аймағындағы мүдделерінің артуы және аймақ елдерімен ынтымақтастығы болып табылады. Араб елдері және Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынасты орнатуға, 1955 жылғы Чжоу Энълайдың 1955 жылғы Бандунг конференциясындағы мәлімдемелері негіз болған. 1956 жылы Сирия, 1958 жылы Ирак, Марокко, Судан, Йемен, 1962 жылы Алжир Қытайды танып, байланыстарын орнатты. Сол кезеңдегі Палестинаны азат ету ұйымының төрағасы Ахмед аль-Шукейри, Қытайдың араб елдерімен қатынасының басталуын, халықаралық қатынастардың ерекше кезеңі және халықаралық құқықтың революциялық даиму ретінде сипаттаған. Бұл кезеңде Қытай аймаққа қатысты «араласпау саясатын» ұстанды деп тұжырым жасаймыз. Дэн Сяопин кезеңінен бастап саясатын экономикалық прагматизмге негіздеген Қытай үшін Таяу Шығыс елдері энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, энергокөздерінің тұрақты импортын қамтамасыз ету үшін маңызды бағытқа айналды. Дәстүрлі түрде Таяу Шығыс елдері Батыс Еуропа және Америка Құрама Штаттарының ықпалы ету аймағына кіреді, дегенмен Украинадағы қақтығысқа белсенді түрде тартылған Батыс елдерінің Таяу Шығыстағы саясаты бәсеңдеп келеді. 2020-2021 жылдары Ирактан, және 2021 жылы Ауғанстаннан АҚШ әскерлерінің кетуі, аймақта саяси жағдайларды туындатып отыр. Зерттеушілердің пікірінше, Қытай, АҚШ мемлекетінің Таяу Шығыстағы әскери қатысуының орнын басуға жақын және Қызыл теңіз, Аден шығанағы арқылы өтетін мұнай құбыры Қытайды аймақтық көшбасшы мәртебесінен жаһандық держава дәрежесіне көтереді [2].

Мақаланың негізгі мақсаты – Таяу Шығыс аймағына қатысты Қытайдың ұстанымы мен әскери-саяси бағытын айқындау. Сонымен қатар, мақалада Қытайдың қазіргі кезеңдегі әскери-теңіз саясаты бойынша ресми құжаттарына талдау жасау, Қытайдың Таяу Шығыс аймағындағы мүдделері және әскери қатысу әлеуетін айқындау, сауда жолдары бойындағы энерго көздер мен тауарларды тасымалдаудың үздіксіздігі және қауіпсіздігін қамтамасыз ету

бағытындағы Қытайдың жеке әскери компанияларының қызметтерін қарастыру міндеттері қойылып отыр.

Материалдар мен әдістер

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін экономикалық даму және елді модернизациялау, әлеуметтік-саяси тұрақтылықты сақтау түріндегі негізгі қағидаттарды ұстанған Қытай, қазіргі таңда әскери саясат және қауіпсіздікке басты назар аудару үстінде. Осы үрдістерге сараптамалық талдау мақсатында мақалада, Қытай Халық Республикасының ресми құжаттары қарастырылды. Атап айтқанда, 2020 жылға қарай Қытайдың Халық-азаттық армиясының стратегиялық мүмкіндіктерін арттырудағы серпіліске қол жеткізу, 2035 жылға қарай – Қытай қарулы күштерін толық жаңғыртуға қол жеткізу, ал 2050 жылға қарай оларды әлемнің ең мықты армиясына айналдыру міндеттері қойылған 2017 жылдың қазан айындағы Қытай Коммунистік партиясының XIX съезіндегі Си Цзиньпин баяндамасы [3], Пекиннің әлемдік көшбасшылыққа, экспансияға немесе ықпал ету аймақтарын құруға ұмтылмайтындығы жарияланған 2019 жылғы «Жаңа дәуірдегі Қытайдың ұлттық қорғанысы» құжаты [4].

Сонымен қатар, Қытайдың артып келе жатқан әскери күшіне алаңдаушылық танытып отырған Америка Құрама Штаттары тарапынан Қытай әскери күштеріне талдау жасалынған сараптамалық құжаттарға шолу жасалынды. Мұндай маңыздағы құжаттардың қатарына: американдық ғалымдар Федерациясы (Federation of American Scientists, FAS) тарапынан жарияланған «Қытай әскери-теңіз флотының модернизациясы: АҚШ әскери-теңіз күштері үшін салдары – мәселенің тарихы және Конгресс үшін проблемалар» баяндамасын [5] АҚШ қорғаныс министрлігі тарапынан жасалынған «Қытай Халық Республикасына байланысты қарулы күштер және қауіпсіздік салаларындағы оқиғалар» баяндамасын [6] айрықшалаймыз.

Мақаланың негізгі зерттеу нысаны болып отырған Қытайдың Таяу Шығыс аймағына қатысты ұстанымдары мен аймақ елдерімен қарым-қатынасының бағыттарын айқындайтын, 2016 жылы

жарияланған «Араб елдері бойынша Қытайдың саяси құжатында» Қытай-араб елдері әскери ынтымақтастығын тереңдету, бірлескен әскери жаттығулар өткізу, араб елдеріне ұлттық қорғаныс және қарулы күштерін дамытуға қолдау көрсету мәселелері көрініс тапқан [7].

Ғылыми сараптамалық әдебиеттердің ішінен, Джонатан Фултон «Таяу Шығыстағы Қытайдың өзгермелі рөлі» [8], Сунь Деганг «Жаңа дәуірдегі Қытайдың Таяу Шығыстағы жұмсақ әскери қатысуы», «Қытай және жаңа дәуірдегі Таяу Шығыстағы қауіпсіздікті басқару» [9] еңбектерін ерекшелеуге болады. БАӘ Халифа университетінің профессоры Мухаммад Алиматтың «Қытай және Таяу Шығыс. Жібек Жолынан бастап араб көктеміне дейін» еңбегінде, Қытай және Таяу Шығыс елдері арасындағы қатынастардың, энергетикалық, қару-жарақ саудасы, саяси және мәдени байланыстар түріндегі астарларын қарастырады [10].

Таяу Шығыс елдеріне қатысты ауқымды ғылыми әдебиеттердің ішінен: Х.А. Джавадтың «Жаңа әлемдік тәртіп жағдайындағы Таяу Шығыс» еңбегінде, автор аймақтық әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайын халықаралық қатынастар жүйесінің өзгерістері шеңберінде қарастырады және панисламизм, пантюркизм, арабизм ағымдарының Таяу Шығыстағы ықпалына талдау жасалынған [11].

Қазіргі қалыптасқан әлемдік тәртіп барысындағы Қытайдың рөлін, саяси ұстанымдарын, Таяу Шығыс аймағындағы мүдделерін айқындау мақсатында проблемалық-хронологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс шеңберінде, Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатының өзгерістерін, халықаралық қатынастар жүйесіне сәйкес жүргізіліп отырған саяси іс-қимылдарын ерекшелеуге мүмкіндік аламыз. Мемлекеттердің ұлттық мүддесін қорғаудағы маңызды фактор күш немесе мемлекеттің қуаты деп қарастыратын саяси реализм аясында, Қытайдың Таяу Шығыс аймағындағы саяси мүдделері мен аймақ мемлекеттерімен ынтымақтастығының үрдістері зерделенді.

Жаһандық деңгейде стратегиялық маңызы бар аймақтарда үстемдікке қол жеткізу мен бақылау орнату үшін, әлемнің

жетекші күштері тарапынан тұжырымдамалар ұсынылады. Мұндай тұжырымдамаларда ерекше орын дәстүрлі түрде теңіз күшіне және халықаралық теңіз жолдарын бақылауға беріледі. Ұсынылып отырған мақала тұжырымдары, Қытайдың Таяу Шығыс аймағындағы теңіз жолдарына қатысты мүдделеріне талдау жасау, әлемдік үстемдікке ұмтылудағы әскери-теңіз күштерін дамытудың маңызын дәйектейтін А. Мэхэн «Теңіз құдыреті» [12] геосаяси теориясына және теңіздердің қорларын игеру, кеме өндірісін дамыту, мемлекеттің мүдделеріне бара бар келетін әскери-теңіз флотын құруды дәйектейтін С.Г. Горшковтың «Мемлекеттің теңіз күші» тұжырымдамаларына негізделеді.

Талқылау

Қытай Халық Республикасының теңіз саясаты. Қытай Халық Республикасы үшін әлемдік мұхиттар мен теңіздерді стратегиялық түрде игеру мен сауда жолдарына бақылау орнату, әскери-теңіз саясатының ажырамас бөлігіне айналып отыр. 2015 жылы жарияланған «Қытайдың әскери саясаты» құжатында, Теңіз және мұхиттар Қытайдың тұрақты дамуының кепілі деп ретінде ерекшеленіп, ұлттық мүддені жүзеге асыру үшін, егемендікті, теңіз құқығын қорғау үшін заманауи әскери-теңіз күш құрылымдарын құру және Қытайдың теңіз державасына айналуының қажеттілігі айқындалған [13]. Қытай зерттеушілері, теңіз құдыретін әскери стратегия жағынан қарастыруға басымдық беретін Батыс елдерімен салыстырғанда, Қытай теңіз күші ретінде экономикалық, мәдени күштерге басымдық танытады, деген тұжырымдар ұсынады [14].

Қытайдың теңіз саясатындағы маңызды геосаяси Жоба – «XXI ғасыр Теңіз Жібек жолы - Оңтүстік шығыс Азия, Үнді мұхиты және Шығыс Африкадағы инфрақұрылымдарды дамытуға бағытталған стратегия. Жобаның басты сауда жолдары Қытайды Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен, Оңтүстік Азия елдерімен, Таяу Шығыс және Шығыс Африка, Еуропа, Латын Америкасы елдерімен байланыстырады. Каспий теңізі, Қара теңіз, Жерорта теңізі және Парсы

Шығанағы бойында орналасқан Таяу Шығыс аймағындағы Қытайдың әскери-теңіз стратегиялары теңіз сауда жолдарындағы тауарларды тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және теңіз қорларын өндіруге бағытталған. Қытайдың саясатындағы Таяу Шығыс бағыты ХХІ ғасырда стратегиялық маңызы артып отырған Үнді мұхитымен тығыз байланысты. Қытайға тасымалданатын шикізат көздері, Үнді мұхиты және Малакка бұғазы арқылы Парсы Шығанағынан және Африкадан тасымалданады. Үнді мұхитының бойында, Теңіз Жібек жолының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды аумақтар орналасқан:

- жағалауында Қытайдың қазіргі таңдағы стратегиялық әріптестері болып табылатын елдер: Иран, Біріккен Араб Әмірлігі, Оман орналасқан, Аден Шығанағын парсы Шығанағымен жалғастыратын Ормуз бұғазы;

- жағалауында Эритрея, Джибути, Йемен сияқты мемлекеттер орналасқан, Қызыл теңізді Аден Шығанағымен жалғастырушы Баб-эль-Мандеб бұғазы. Бұл сауда жолы арқылы Африка шикізат көздері Шығыс Африка елдерінің порттары арқылы Қытайға жеткізіледі.

- жанында Сингапур, Индонезия, Малайзия мемлекеттері орналасқан Малакка бұғазы.

Қытайдың Үнді мұхитына қатысты стратегияларын, 2005 жылы АҚШ қорғаныс министрі Дональд Рамсфелдке ұсынылған «Азияның энергетикалық болашағы» атты баяндамада, Таяу Шығыстан Оңтүстік Қытайға дейінгі аумақта үстемдік орнату үшін бағытталған «Інжу тізбегі» (String of pearls) стратегиясы деп айқындаған. «Інжу тізбегі» стратегиясы ресми Қытай тарапынан қолданылмайды және Қытай халық-азаттық армиясы әскери ғылымдар Академиясының мүшесі полковник Чжоу Бо пікірінше, Қытайдың Үнді мұхитындағы басты мақсаты экономикалық тиімділік және теңіз коммуникацияларының қауіпсіздігі. Экономикалық пайда және тиімділікке қол жеткізу жағалау бойындағы мемлекеттермен өзара сауда-экономикалық ықпалдастық шеңберінде жүзеге асырылады, ал қауіпсіздікті қамтамасыз ету Сомали жағалауындағы теңіз қарақшылығына қарсы бағыттармен шектеледі [15]. Дегенмен, Үнді мұхиты

арқылы әлемнің контейнерлік тасымалының 50% және 70 % мұнай өнімдерінің тасымалы өтеді. Ормуз, Баб-эль Мандэб, Малакка бұғаздары Үнді мұхитын басқа да теңіз жолдарымен жалғастыратын стратегиялық жолдары болып табылады. Сондықтан, Үнді мұхитының Қытай ұлттық мүддесіндегі рөлінің артып келе жатқандығын Қытай жоққа шығармайды.

Үнді мұхитының бөлігі болып табылатын, Еуропа, Азия және Африка арасындағы сауда жолдарының қиылысындағы Арабия теңізінің маңызы Қытай үшін жоғары. АҚШ энергетикалық ақпарат Басқармасы (EIA) 2021 жылы қазан айында жариялаған «Халықаралық энергетикалық шолуда», Қытай және Азия елдері, 2050 жылдарға қарай Таяу Шығыс, Солтүстік Африка және Парсы Шығанағы елдерінен тасымалданатын мұнай экспортына тікелей тәуелділігінің артатындығын жариялаған [16]. Зерттеулер мәліметтері бойынша, Сауд Арабияның Қытайға мұнайды жеткізу үлесі 2021 жылы 17% пайызды құрап отыр. 2019 жылы Сауд Арабия және Қытай арасында мұнайды жеткізу бойынша ұзақ мерзімге арналған келісімдер жасалынып, сол кезден бастап Сауд Арабиядан жеткізілетін мұнай тәулігіне 86000 баррельге жеткен. Сонымен қатар, Біріккен Араб Әмірлігінен жеткізілетін мұнай тәулігіне 642000 баррельді құрайды [17].

Қытайдың Таяу Шығыс аймағындағы әскери-теңіз стратегиясындағы маңызды буын – Суэц каналы болып табылады. Егер, Парсы Шығанағы бойындағы Қытай мүдделері мұнай импортына негізделсе, Қытай қызығушылығы, Теңіз Жібек жолын Үнді мұхитынан Қызыл теңіз арқылы және Жерорта теңізіне өтуге қолайлы жағдайлар тудыратын каналдың географиялық стратегиялық рөліне байланысты туындайды. 2000 жылы Цзян Цзэминьнің Египетке жасаған ресми сапарында, Суэц каналы бойында ерекше экономикалық аймақты дамытуға қатысты Қытай мүддесі туралы мәлімдеме жасалынған болатын. Египет президенті Абдель Фаттах ас-Сисидің 2014 жылғы Қытайға жасаған ресми сапары, 2016 жылы Си Цзиньпиннің Египетке ресми сапары барысында Қытайдың 10 млрд долл құрайтын инвестицияны салу туралы мәселе көтеріліп, «ҚХР және АЕР

арасындағы Жібек жолының Экономикалық белдеуі мен Теңіз жібек жолы құрылысын алға жылжыту бойынша» Меморандумға қол қойылған.

2007 жылы COSCO Shipping Ports (CSPL) компаниясы Египет тарапымен Порт – Саид қаласындағы Суэц каналының контейнерлік терминалының 20% акцияларына қол жеткізу үшін 150 млн долл құрайтын келісімге отырды. Қытайлық Тяньцзин экономикалық және технологиялық даму аймағы (TEDA), Египеттің Айн – Сохна қаласында өнеркәсіп аймағын дамытумен айналысып отыр. 2023 жылы Xinxing Ductile Iron Pipes компаниясы Айн-Сохнада 2 млрд долл құрайтын металлургиялық зауыт құрылысына инвестициялық салым салатындығы туралы мәлімденген.

Суэц каналы 1869 жылы ашылған кезеңнен бастап, Азия мен Африканы жалғастыратын әлемдік көлік коммуникациясының маңызды буынына және ірі су артериясына айналып, әлемнің жетекші мемлекеттері арасындағы геосаяси қайшылықтарды туындатты. XIX ғасырда канал құрылысына жұмсалған орасан зор шығын салдарынан Египеттің өзі жартылай отарға айналып, 1956 жылы ғана Суэц каналы Египет меншігіне өткен еді. 2015 жылы Суэц каналының екінші арнасын қосу барысында, Египет жұмсалған шығындарды жергілікті инвесторлар және инвестициялық сертификаттарды сатып алған елдің тұрғындары қаржылары есебінен толықтырған. Мұндағы басты мәселе – кезінде тәуелсіздікті жоғалтуға әкеліп соқтырған шетел инвестициясынан бас тарту болды. Сондықтан, Суэц бойындағы ерекше экономикалық аймақ құру мақсатында Қытай тарапынан жасалатын инвестиция болашақта Египет егемендігіне қауіп төндіреді ме ? деген мәселелер Таяу Шығыс зерттеушілерін алаңдатып отыр. Al-Mashareq беттерінде жарияланған сараптамашылар өз зерттеулерінде, Пекиннің қарыз беру арқылы, тәуелділікке түсіріп, қысым көрсету стратегиясын қолдануы мүмкін, деп жазады [18].

«Суэц каналы: өткеннің сабағы және болашақтың қатерлері» атты еңбекте зерттеушілер, қытайлық инвестицияның кеңеюі, экономикалық даму шеңберінен шығып, Жерорта теңізі мен Солтүстік

Африкадағы Қытайдың әскери үстемдігін орнату жоспарынан туындайды, деген мәселені көтереді [19]. Зерттеушілердің алаңдаушылығымен біршама келісуге де болады. Атап айтқанда, Альфред Тайер Мэхэн ұлы держава мәртебесіне жету үшін теңіз күші мен теңіздегі артықшылықтың маңыздылығын ерекшелей отырып, теңіз тасымалы саласындағы көшбасшылық бейбіт уақытпен қатар соғыс уақытында да маңызды [12] деп айқындайды. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Германияның ірі әскери қайраткерлері Альфред Йодль, Эрих Редер соғыста жеңіске жету үшін Египетті және Суэц каналын бақылауға алу қажеттілігі туралы мәселе көтерген [20]. Сонымен қатар, 1956 жылы болған Суэц дағдарысындағы ірі күш орталықтарының қайшылықтары, Суэц каналының экономикалық тиімділігімен қатар, әскери-стратегиялық тұрғыдағы әлемдік маңызын сипаттайды. Сондықтан, Қытайдың Суэц каналына деген қызығушылығының астарында әскери саясат тұрғандығы негізсіз емес. Екіншіден, Қытай инфрақұрылымдары үкіметтің тікелей басшылығымен жүзеге асырылады, сондықтан, елдің саяси бағыттарына сәйкес әскери-теңіз сипатқа ие болып, экономикалық құрылымдардан, әскери құрылымдарға айналуы мүмкін [21].

Таяу Шығыс аймағындағы Қытай теңіз стратегиясының маңызды буыны – кемелердің әлемдік мұхит кеңістіктерінде еркін жүзуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылып отырған порт инфрақұрылымдарының құрылысы. Теңіз сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, Пекин тарапынан 63 елде 100 ге жуық порттардың құрылысына инвестициялар салынған, оның ішінде Таяу Шығыс аймағында 20 ға жуық инвестициялық жоба қолға алынып отыр [22]. Жалпы, Таяу Шығыс елдері порттарын Қытайдың жалға алуы немесе порттар жанында әскери базаларын орналастыруы бойынша төмендегідей мәліметтер келтіруге болады:

- 2017 жылы Пәкістан мемлекеті Гвадар портын China Overseas Port Holding Company (COPHC) Қытай мемлекеттік компаниясына 40 жылға жалға берілген. Портта қазіргі таңда Қытайдың әскери-теңіз базасы орналасқан. Гвадар теңіз порты Арабия

жағалауында, Парсы Шығанағына жетелейтін Ормуз бұғазы жанында орналасқан. Порт, Орталық Азия, Ауғанстан, Таяу Шығыс, Парсы шығанағы, Шыңжаң, Иран және Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы коммерциялық көлік тасымалына қызмет көрсететін аймақтық хаб болып табылады;

- Жерорта теңізінде сауда жолдарын жандандыруға арналған, Шаршал қаласындағы порт құрылысы туралы келісім, 2016 жылы Алжир көлік Министрлігі және Қытайлық China Harbour Engineering Company және China State Construction Engineering Corporation компаниялары арасындағы келісімдерден кейін, күн сайын 26 млн тонна жүктерді өңдеуге бағытталған порт құрылысы басталған.

- Аден Шығанағын Қызыл теңізден бөліп тұратын Баб-эл-Мандеб бұғазына жақын орналасқан Джибутидегі порт. 2015 жылы Пекин басшылығы Джибутиде алғашқы әскери база құру туралы 10 жылға арналған келісімге қол жеткізді. 2016 жылы құрылыс басталып, 2017 жылы Қытай халық-азаттық армиясының әскери-теңіз флотының қолбасшысы Шэнь Цзиньлун Джибутиде база құру туралы бұйрығы жарияланғаннан кейін, Қытай СІМ база материалдық-техникалық қамтамасыз ету мақсатында құрылғанын мәлімдеген. Қытайдың ресми ұстанымына сәйкес, база Аден шығанағы мен Сомали жағалауларында кемелерге қолдау көрсету, гуманитарлық көмек көрсету, Африкадағы қауіпсіздік және бейбітшілікті сақтауға бағытталған;

- Қытай Халық – азаттық армиясының әскери-теңіз күштерінің кемелеріне жанармай құюға арналған арналған Омандағы Салала порты – Үндістан, Пәкістан, Қытай, Индонезия, АТА елдері, Парсы Шығанағы елдерінен Африкаға және Суэц каналына қарай тасымалданатын тауарлар үшін маңызды орын. 2008 жылы Қытай Халық Республикасының әскери күштері, қарақшылық қызметке тосқауыл қою мақсатында Аден Шығанағына келген кезде Салала порты негізгі тірек пункті ретінде пайдаланылған;

- Қытай кемелері үшін керек-жарақтарды толықтыруға, кемелерді тұраққа қоюға арналған Йемендегі Аден порты. Қытайдың Еуропамен саудасының басым бөлігі Аден Шығанағы және Қызыл теңіз арқылы өтеді. Жібек жолы жобасы

аясында Йемен порттары Қытайдың жаһандық сауда жолдарына қол жетімділігін қамтамасыз етеді. 2008 жылдан бастап, БҰҰ ҚК резолюциясына сәйкес, Қытай әскери-теңіз күштері Аден Шығанағына теңіз жолдарын қорғау мақсатында өз әскерлерін жүйелі түрде жіберіп отырады. Аден Шығанағындағы Қытай әскери-теңіз күштерінің міндеттері – теңіз қарақшыларынан кемелерді қорғау, шет елдегі Қытай азаматтарын елге жеткізу, халықаралық әскери жаттығуларға қатысу.

Сонымен қатар, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Халифа портында Қытай бірнеше нысандар құрылысын және Фуджейраға дейін баратын мұнай құбырын жүргізген. Инвестициялық қызметпен қатар, 2020 жылдың қаңтар айында, Қытай әскери-теңіз күштерінің үш кемесі Халифа портына тоқтап БАӘ әскери базаға кірген. Осы мәселеге қатысты 2021 жылы «Wall Street Journal» беттерінде, Америка Құрама Штаттары тарапынан наразылық білдіру, әскери базаның құрылысына кедергі болды деген ақпарат жарияланды [23].

Қытай – араб елдері ынтымақтастығы және Таяу Шығыс аймағындағы Қытайдың әскери саясаты

«Қырғи-қабақ соғысы» дәуірі аяқталғаннан кейін, Таяу Шығыс аймағындағы қытайлық сыртқы саясат энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және шет елдерде нарық көздері мен инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтуге бағытталды. «Араб көктемі» толқуларынан кейін Қытайдың Таяу Шығыстағы мүдделері төмендегідей стратегияларға негізделеді:

- Батыстық гегемонияға қарсы бағытталған, көп полярлы әлем құруды көздейтін жаңа саяси-дипломатиялық үлгі;

- Қытайдың аймақтағы «жұмсақ әскери күшін» дамыту;

- мәдени байланыстарды тереңдету;

- Covid-19 пандемияға қарсы бірлескен күрес шеңберінде аймақ елдерімен медициналық дипломатияны дамыту.

Араб елдерімен қатынасын Қытай екі жақты және көп жақты форматта дамытуға мүдделі. Екі жақты қатынастарда таяу шығыс аймағының

жетекші елдерімен стратегиялық ынтымақтастықты дамыту көзделсе, көп жақты форматта аймақтық ұйымдардың қызметіне қатысу қарастырылады. Қытай-араб Форумының негізінің қалануы – тараптар арасындағы диалогты дамытуға бағытталған.

2016 жылы жарияланған қытайдың араб елдеріне қатысты саясаты туралы құжатында аймақ елдерімен қарым-қатынасының төмендегідей маңызды бағыттары айқындалған:

- энергетикалық ынтымақтастық;
- сауда және инвестициялар
- инфрақұрылымдар құрылысы;
- балама энергетика;
- ядролық энергетика;
- ғарыш [7].

Сунь Деганг, Таяу Шығыстағы араб елдерімен Қытай арасындағы әріптестік деңгейін төмендегідей түрде жіктеп көрсетеді:

- «The pivot states» деп аталатын - Солтүстік Африка және парсы Шығанағының жетекші елдері – Алжир, Египет, Сауд Арабиясы, Иран және БАЭ;

- «The node states» деп аталатын Батыс елдерімен Қытай арасындағы қатынастарды жақсартуда рөл атқаратын Израиль және Түркия елдері;

- «The key states» деп аталатын экономикалық және басқа да әлеуеттерге ие Судан, Ирак, Марокко елдері

- «The stronghold states» деп аталатын Қытаймен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі Катар, Оман, Джибути, Иордания және Кувейт елдері [24].

Араб елдері мен Қытай әріптестігінің негізгі бағыты - бұл қытай-араб ынтымақтастығының Форумы . Төмендегі кестеде 2004 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі Форум шеңберіндегі министрлер кеңесі кездесулерінің хронологиясы және көтерілген мәселелері көрсетілген.

1-кесте – Қытай-араб ынтымақтастығы форумы аясындағы министрлер кездесуі

№.	жыл	Кездесу орны	Негізгі мәселелер
1	2004	Каир	Ұжымдық диалогты дамыту, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың деңгейін арттыру, энергетика, байланыс, ауыл шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау, ақпарат салаларындағы әріптестікті арттыру, мәдени байланыстарды дамыту.
2	2006	Пекин	2007-2009 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары қабылданды. Қоршаған ортаны қорғау бойынша бірлескен коммюнике жарияланды.
3	2008	Манама	Ливанға саяси және экономикалық қолдау көрсету, Ирактың тәуелсіздігі, егемендігі мен аумақтық тұтастығын толық құрметтеу, Ирактың ішкі істеріне араласпау және Ирак халқының өз болашағын шешу құқығын құрметтеу қажеттігі, Үлкен Томб, Кіші Томб және Әбу Мұса мәселесін бейбіт жолмен шешу
4	2010	Тяньцзин	«Ортақ даму үшін жан-жақты ынтымақтастықты тереңдету» тақырыбы аясында өткен кездесуде, Қытай мен араб елдері арасында стратегиялық әріптестік қатынастарын орнату туралы Декларацияға, сондай-ақ 2010-2012 жылдарға арналған форумның іс-шаралар жоспарына қол қойылды.
5	2012	Хаммамат	5-ші кездесудің қорытындысы бойынша, саяси ынтымақтастық, экономика, әлеуметтік өзара әрекеттестік және білім беру саласындағы өзара іс-қимыл мәселелеріне арналған іс-шаралар жоспары қабылданды. Сирия, Палестина және Судан мәселелері, Қытай және араб елдері арасындағы өнеркәсіп, денсаулық сақтау, адам ресурстары салаларындағы ынтымақтастықты дамыту қарастырылды.
6	2014	Пекин	Кездесу барысында Пекин декларациясы және 2018-2020 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары түріндегі маңызды құжаттар және «Бір Белдеу, бір жол» шеңберіндегі қытай-

			араб ынтымақтастығы жөніндегі іс-қимыл декларациясы қабылданды.
7	2016	Доха	Кездесу нәтижесі бойынша қабылданған Декларацияда, Қытай мен араб мемлекеттері арасындағы Жібек жолы шеңберіндегі ынтымақтастық аясын кеңейту, ядролық энергетика мәселелері қарастырылды. Декларацияда Қытайдың Оңтүстік Қытай теңізінде аралдар салуға қатысты ұстанымына қолдау танытылды.
8	2018	Пекин	Қытай тарапынан экономикалық дамуға 20 миллиард доллар және араб қаржы секторларына 3 миллиард доллар несиесі беру қарастырылды. Кездесудің іс-қимыл жоспарында араб елдерінің егемендігі мен тұрақтылығын сақтау, ішкі істеріне араласпау және Қауымдастықтардың адамзат болашағына мәселелері қарастырылды.
9	2020	Амман	Пандемияға қарсы күрес бойынша бірлескен мәлімдеме жасалынып, Амман декларациясы және Қытай-араб елдері арасындағы ынтымақтастықты тереңдету бойынша іс-қимыл жоспары қабылданды.

Кестеде көрсетілгендей, 2004 жылдан бастап, энергетикалық, сауда-экономикалық қатынастар басым бағыттар болса, 2012 жылдан бастап, кездесулердегі күн тәртібі «Араб көктемі» толқуларынан кейінгі қалыптасқан саяси мәселеден туындайды. 2019 жылғы пандемия мәселесіне байланысты, 2020 жылғы кездесу медициналық ынтымақтастықты да қамтиды.

2022 жылы желтоқсан айында, Таяу Шығыс елдерінің 30 дан астам мемлекеттері қатысқан 2 саммит қатарынан өтті: «Қытай және араб әлемі», «Қытай – парсы Шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі». Саммит аясындағы кездесулерде Си Цзиньпин, Қытайдың болашақта энергетикалық мәмілелердің юаньмен жүрізетіндігі жарияланды. Және Қытай басшысы өз сөзінде Парсы Шығанағы елдері және Қытай юаньмен есеп айырысу үшін Шанхай ұлттық мұнай және газ биржасын платформа ретінде пайдалану керек деп тұжырымдады. Яғни, бұл шаралар 2022 жылдан бастап Қытайдың Таяу Шығыста әскери-саяси бағытының жаңа кезеңі басталды деп айтуға негіз береді.

Аймақтағы Пекиннің әскери саясаты, қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне және тұрақтылықтың сақталуына қатысты Қытай мүдделерінен туындайды. Сонымен қатар, Жібек жолы бойындағы инфрақұрылымдарын террористік шабуылдан сақтау үшін әскери саясатын дамыту да уақыт талабы. Әскери саясатының негізгі бағыттары, аймақтың қауіпсіздік жүйесінің шетелде әскери

жаттығулар өткізу үшін әскери күштерді уақытша орналастыруды, сондай-ақ әскери патрульдерді, бітімгершілік күштерді, әскери жаттықтырушылар мен кеңесшілерді орналастыруды қамтиды және шетелде оқ-дәрі қоймаларын, бірлескен барлау объектілерін, аэроғарыштық бақылау құралдарын, жер сілкінісін бақылау станцияларын, техникалық қызмет көрсету және әскери толықтыру аялдамаларын, техникалық қызмет көрсету базалары мен әскери оқу-жаттығу объектілерін салуды көздейді.

Covid-19 қарсы күрес аясында Қытай және Таяу Шығыс арасындағы ынтымақтастық шеңберіне Жібек жолының денсаулық тұжырымдамасы (Health Silk Road) алға тартылды. Аталмыш ынтымақтастық шеңберінде Қытай тарапынан Иран, Ирак, Ливан, Алжир, Тунис сияқты елдерге медициналық көмек көрсетілді, қытай вирусологтары аймақтарға жіберіліп, онлайн кеңестер ұйымдастырылды. Бұл саясатты Қытайдың аймақтағы ықпалының артуына үлкен серпін берген бағыт және Қытай медициналық дипломатиясының тиімді құралы ретінде қарастырамыз.

Қытайлық сарапшы Сунь Деганг пікірінше, Қытайдың Таяу Шығыстағы саясат және қауіпсіздік мәселелеріне қатысуы күн сайын артып келеді және өзінің сауда –экономикалық мүдделерін қорғау үшін жүргізілетін әскери-саяси бағыты «жұмсақ әскери қатысу» тұжырымына негізделеді [25]. Жұмсақ әскери қатысу тұжырымының аясына:

- аймақ елдерімен бірлескен әскери жаттығулар өткізу;
- бітімгершілік операцияларын жүргізу;
- терроризм, теңіз қарақшылығы түріндегі қауіп-қатерлерге қарсы күрес мәселелері жатады.

Сунь Деганг, Қытай Таяу Шығыста ірі күш орталықтарымен геосаяси немесе идеологиялық тұрғыда бәсекелестікке түсуге мүдделі емес, сондықтан, Қытай аймақта стратегиялық ынтымақтастықты дамыту мақсатында әріптестік

дипломатиясын (huoban waijiao) ұстанады және жауларды іздемейді (zhao diren) деген тұжырымдар жасайды [25].

Таяу Шығыс елдерімен бірлескен әскери жаттығулар өткізу - Қытай және аймақ елдері арасындағы саяси сенімнің, түрлі салалардағы ынтымақтастығының көрінісі болып табылады. Төмендегі кестеде 2023 жылдағы Қытайдың аймақ елдерімен жүргізілген бірлескен әскери жаттығулары туралы мәліметтер келтірілген.

2-кесте – Қытайдың Сауд Арабиясы, Иран, БАЭ бірлескен әскери жаттығулары

№	Мерзімі және мекен	Қатысушы елдер	Мақсаты
1	«Қауіпсіздік белдеуі-2023» деп аталатын, 2023 жылы 16-17 наурыз аралығында, Арабия теңізінде, Иран Ислам Республикасының Чахбехар порты маңында жүргізілген әскери жаттығулар	Ресей-Қытай-Иран	Қытайдың ұлттық қорғаныс Министрлігінің және Ресейдің қорғаныс министрлігінің мәлімдемелеріне сәйкес, жаттығудың мақсаты – қатысушы елдердің әскери-теңіз күштерінің ынтымақтастығын дамыту.
2	Сұңқар қалқаны-2023 әскери жаттығуларды өткізу туралы мәліметтерді Қытай Қорғаныс министрлігі 31 шілдеде жариялады және тамыз айында БАЭ қорғаныс министрлігінің парақшасында басталғандығы мәлімденді	БАЭ-Қытай	Тәжірибе алмасу және екі елдің жеке құрамының жауынгерлік тиімділігін арттыру.
3	2023 жылы 28 қыркүйек айында Қытайдың Чжаныцзян қаласында қазан айында бірлескен жаттығулар өткізуі туралы жарияланды	Сауд-Арабиясы	Теңізде терроризмге қарсы іс шаралар бойынша жаттығу өткізу

Әскери жаттығулардың мақсаты – елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытудың бағыты деп жарияланғанына қарамастан, Парсы Шығанағы елдері-Қытай арасындағы әскери жаттығулар және әскери ынтымақтастықтың тереңдеуі Америка тарапынан алаңдаушылық тудырып отыр. 2023 жылы наурыз айында АҚШ Мемлекеттік хатшысының Таяу Шығыс істері бойынша көмекшісі Барбара Лиф, АҚШ, Пекинге Таяу Шығыс елдеріне берілген американдық технологиялардың берілуіне жол бермейтіндігін жариялап, Таяу Шығыс елдеріне Қытаймен экономикалық ынтымақтастыққа тиым салынбағанымен, әскери

ынтымақтастықты тереңдетудің қажетсіз екендігін ескерткен [26].

БҰҰ аясында жүргізілетін бітімгершілік операцияларына белсенді қатысу Қытай сыртқы саясатының негізгі ұстанымы болып табылады. БҰҰ 2015 жылғы бітімгершілік бойынша саммитінде Си Цзиньпин [27] 8 мың әскери жауынгерден тұратын полициялық бөлімшелерді және бітімгершілік күштерін бөлетіндігін, бітімгершілік операцияларына қатысу мақсатында инженерлік, медициналық қызметкерлерді жіберетіндігін, басқа елдерден 2000 бітімгершілік жауынгерлерін даярлықтан өткізуге

дайындығын, жарылғыш заттардан арылту бойынша жобаларды жүзеге асыруға байланысты ұстанымдарын мәлімдеді. Сонымен қатар, өз сөзінде ел басшысы Африкалық Одаққа Қытай тарапынан 100 млн долл бөлінетіндігін, Африкадағы БҰҰ миссиялары үшін тік ұшақтарды жіберетіндігін мәлімдеді.

2021 жылы елдің Сырты істер министрі Ван И Қытайдың БҰҰ мүше болуының 50 жылдығына арналған мәлімдемесінде БҰҰ шеңберінде 2400 қытай әскери жауынгерлері және полиция қызметкерлерінің БҰҰ бітімгершілік операциясына қатысып отырғандығын және 2015 жылы Си Цзиньпиннің 8000 жауынгер мен 300 полиция қызметкерлерінен тұратын бітімгершілік күштерін құру туралы уәдесін толық орындағаны туралы жариялады [28].

Таяу Шығыстағы қытай бітімгершілік топтары 1152 адамды құрайды, оның ішінде Ливандағы БҰҰ Уақытша күштерінің құрамында – 343 әскер, Оңтүстік Судандағы БҰҰ миссиясында – 444 әскери, 18 полиция қызметкерлері, 12 әскери бақылаушылар, Дарфурдағы Африкалық Одақтағы БҰҰ аралас операциясы – 321 әскери, Батыс Сахарада референдум өткізу бойынша БҰҰ миссиясында – 12 әскери кемелер [25].

Таяу Шығыс аймағындағы Қытай әскери саясаты ХХІ ғасырдағы теңіз Жібек жолы Жобасы шеңберіндегі коммерциялық инвестицияларын және аймақта қызмет атқаратын Қытай азаматтарын қорғауға бағытталған. 2020 жылдан 2022 жыл аралығында АҚШ қорғаныс министрінің орынбасары офисінде қызмет атқарған Джесси Маркс мәліметтері бойынша, 2011 жылы «Араб көктемі» кезеңіндегі Ливиядағы толқулар барысында, 75 компания қызметін, 50 экономикалық Жобалардың тиімділігін және 35000 қытай азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қытай халық-азаттық армиясы шет елдегі өз азаматтарын қорғау және елге жеткізу бойынша операциялар жүргізіп, 12 күнде миссияны орындап шыққан [29]. 2015 жылы Қытай әскери кемелері Йемен аумағынан 571 өз азаматтарын және қытай өнеркәсіп орындарында қызмет атқаратын 8 шетел азаматтарын елден шығарған [30].

Қытай және Таяу Шығыс аймағы елдері терроризм, теңіз қарақшылығы түріндегі қауіп-қатерлерге қарсы күрес бойынша ынтымақтастығын дамыту үстінде. 2022 жылы қыркүйек айында Қытай СИМ сараптамалық орталығы және Қытайлық халықаралық қатынастар институты ұйымдастырған «Таяу Шығыстың қауіпсіздігінің жаңа архитектурасы» атты Пекинде өтке, Таяу Шығыс елдерінің қауіпсіздік бойынша II Формуда сөйлеген сөзінде, Қытай сыртқы істер министрі Ван И Таяу Шығыс аймақтың қауіпсіздігіне қатысты төрт тармақтан тұратын Қытайлық ұстанымды жариялады:

- ортақ, жан-жақты, ынтымақтастық және тұрақты қауіпсіздікке негізделген «қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын» қолдау;

- аймақта экстерриториалдық акторлардың орнына Таяу Шығыс аймағы елдерінің өз үстемдігін орнату;

- БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын сақтау;

- аймақ елдерімен қауіпсіздік мәселесі бойынша диалогты белсендіру [28].

Форумда Ван И мәлімдеген төрт тармақтан тұратын Қытайлық ұстаным, 2022 жылы сәуір айында Си Цзиньпиннің Боаос азиялық форумның ашылуында жариялаған, жаһандық қауіпсіздік саласындағы бастаманың жалғасы болып табылады. Бастама, ортақ, кешенді, бірлескен және тұрақты қауіпсіздік тұжырымдамасын сақтау, барлық елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу, басқа елдердің ішкі ісіне араласпау, дербес даму жолындағы таңдауларын құрметтеу қағидаттарына негізделеді [31]. 2022 жылы 9 желтоқсан күні Си Цзиньпиннің Қытай-ПШАМЫК саммитінде «Өткен жетістіктеріне сүйене отырып, Қытай және Парсы Шығанағы қатынастары жарқын болашағын жасау» атты сөйлеген сөзінде, ортақ қауіпсіздік саласында Қытай-Парсы Шығанағы елдерінің маңызын ерекшелеп, аймақтық бейбітшілік және тұрақтылықты сақтау бойынша бірлескен күш-жігерді жұмсау қажеттілігін айқындады [31].

Қорытынды

Бұл мақалада біз Қытайдың қазіргі заманғы әскери саясатына және оның

геосаяси динамикаға, әсіресе Таяу Шығыспен қарым-қатынасына әсеріне кеңінен талдау жасадық. Зерттеу барысында біз Қытайдың әскери стратегиясының негізгі аспектілерін қарастырдық, сонымен қатар Парсы шығанағы, Қызыл теңіз және Үнді мұхиты аймақтарындағы осы елдің әскери-саяси мүдделерін анықтадық. Біріншіден, Қытайдың әлемдік ірі күш орталығына айналып келе жатқандығын барлық зерттеушілер, саясаткерлер мойындап отыр. Осы бағытқа сәйкес бара-бар сыртқы саясат және әскери саясат жүргізу уақыт талабы. Қытай қазіргі таңда, аумақтық тұтастық пен елдің егемендігіне құрмет таныту, мемлекеттерге қарсы агрессияны қолданбау, тәуелсіз мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау, өзара тиімді негізінде экономикалық ынтымақтастық орнату, бейбіт қатар өмір сүру түріндегі қағидаларды өзінің тұжырымдамалық және идеологиялық ұстанымына айналдырып отыр. Халықаралық гегемонияға ұмтылмайтындығын және экспансиялық саясатқа қарсы екендігін үнемі айқындап келеді. Дегенмен, әлемдік деңгейде Қытайдың күші және ықпалы өсіп келе жатқандығы анық. Ірі талассократиялық державаға айналу үшін барлық күш жігерін жұмсап отырған Қытайдың әлем көшбасшылығына айналуы уақыттың еншісінде.

Екіншіден, Қытайдың Таяу Шығыс аймағында саяси үстемдігінің орнауына тосқауыл болып табылатын мәселелер кешені де жеткілікті. Идеологиялық, діни алшақтықтардан басқа, Америка Құрама Штаттарының Таяу Шығыстағы мүдделеріне қайшы келуге Қытай әскери әлеуеті жеткіліксіз. Пәкістан, Джибутидегі әскери базалары Үнді мұхиттағы Қытайдың әскери-стратегиялық қатысуын арттырып отыр. Дегенмен, Парсы Шығанағында американдық әскери ықпалдың Қытаймен салыстырғанда өте жоғары екендігін ерекшелеу қажет. Сондықтан, Қытай саясаты Таяу Шығыстағы АҚШ мүдделеріне қайшы келген жағдайда, АҚШ әскери-теңіз күштерінің Суэц каналы, Баб-эль-Мандэб, Ормуз бұғаздары сауда жолдарын бұғаттауға әлеуеті жоғары. Сондықтан, Таяу Шығыстағы АҚШ әскери-саяси қатысуының әлеуеті жоғары және Қытай алдағы 50 жылда бұл әлеуеттің орнын баса алмайды деп тұжырым жасауға болады.

Үшіншіден, Қытайдың Таяу Шығыстағы әскери қатысуы, терроризм, экстремизм, теңіз қарақшылығы түріндегі дәстүрлі емес қауіп түрлеріне қарсы күресуге бағытталған. Басты мақсат – Теңіз Жібек жолдарының қауіпсіздігін және тауарлардың тасымалдануының үздіксіздігін қамтамасыз ету.

Әдебиеттер тізімі

1. Kaplan R. How Far Can Beijing Reach on Land and at Sea? – 2010. – URL: <https://www.foreignaffairs.com/articles/china/2010-05-01/geography-chinese-power> (жүгінген күні: 10.09.2023).
2. Ylönen A. The Dragon and the Horn: Reflections on China–Africa Strategic Relations // Insight on Africa. – 2020. – Т. 12, № 2. – С. 145-159.
3. Xi Jinping's report at 19th CPC National Congress. – 2017. – URL: https://www.chinadaily.com.cn/china/19thcpcnationalcongress/2017-11/04/content_34115212.htm (жүгінген күні: 10.09.2023).
4. China's National Defense in the New Era / The State Council Information Office of the People's Republic of China. – 2019. – URL: <https://www.chinadaily.com.cn/specials/whitepaperonnationaldefenseinnewera.pdf> (жүгінген күні: 11.09.2023).
5. China Naval Modernization: Implications for U.S. Navy Capabilities—Background and Issues for Congress / Congressional Research Service. – 2023. – URL: <https://sgp.fas.org/crs/row/RL33153.pdf> (жүгінген күні: 11.09.2023).
6. Military and Security Developments Involving the People's Republic of China / U.S. Department of Defense. – 2023. – URL: <https://www.defense.gov/News/Releases/Release/Article/3561549/dod-releases-2023-report-on-military-and-security-developments-involving-the-pe/> (жүгінген күні: 15.09.2023).
7. China's Arab Policy Paper. – 2016. – URL: https://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/wjdt_665385/2649_665393/201601/t20160114_679437.html (жүгінген күні: 15.09.2023).

8. Fulton J. China's Changing Role in the Middle East / Atlantic Council. – 2019. – URL: <http://www.jstor.org/stable/resrep20938> (жүгінген күні: 17.09.2023).
9. Sun D. China and the Middle East security governance in the new era // Contemporary Arab Affairs. – 2017. – Т. 10, № 3. – С. 354-371.
10. Olimat M. China and the Middle East from Silk Road to Arab Spring. / Abingdon and New York: Routledge. – 2013.
11. Jawad H. A. The Middle East in the new world order. / Houndmills: Palgrave Macmillan. – 2016.
12. Мэхэн А. Влияние морской силы на историю 1660-1783// – Москва: Terra Fantastica, 2002.
13. China's Military Strategy. – 2015. – URL: https://english.www.gov.cn/archive/white_paper/2015/05/27/content_281475115610833.htm (жүгінген күні: 17.09.2023).
14. Цзин Ц. Морское измерение энергетической политики Китая; ФГБОУ ВО Санкт-Петербургский государственный университет. – Санкт-Петербург. – 2021.
15. Bo Z. The String of Pearls and the Maritime Silk Road. – 2014. – URL: http://www.china.org.cn/opinion/2014-02/12/content_31445571.htm (жүгінген күні: 17.09.2023).
16. Country Analysis Executive Summary: China / US Energy Information Administration. – 2022 – URL: https://www.eia.gov/international/content/analysis/countries_long/China/china.pdf. (жүгінген күні: 20.09.2023).
17. International Energy Outlook 2021 / US Energy Information Administration. – 2021. – URL: https://www.eia.gov/outlooks/ieo/pdf/IEO2021_ReleasePresentation.pdf. (жүгінген күні: 20.09.2023).
18. Kordestani A. Iran-China pact stokes fears of Beijing's military encroachment // Iran-China pact stokes fears of Beijing's military encroachment / – 2021.
19. Lutmar C., Rubinovitz Z. The Suez Canal: Past Lessons and Future Challenges. / Palgrave Macmillan Cham. – 2023.
20. Титов В. В. Нюрнбергский процесс. Сборник материалов. / – Москва: Юридическая литература. – 1989.
21. Evron Y. China's Military-Civil Fusion and Military Procurement // Asia Policy. – 2021. – Т. 28, № 1. – С. 25-44.
22. Kardon I. Research & Debate—Pier Competitor: Testimony on China's Global Ports // Naval War College Review. – 2021. – Т. 74, № 1. – С. 11.
23. Lubold G., Strobel W. P. Secret Chinese port project in Persian Gulf rattles US relations with UAE // The Wall Street Journal. – 2021. – Т. 19.
24. Sun D. China's partnership diplomacy in the Middle East // Book China's partnership diplomacy in the Middle East / EditorAsia Dialogue – 2020. – URL: <https://theasiadialogue.com/2020/03/24/chinas-partnership-diplomacy-in-the-middle-east/> (жүгінген күні: 01.10.2023).
25. Sun D. China's soft military presence in the Middle East // Middle East Institute. – 2015. – URL: <https://www.mei.edu/publications/chinas-soft-military-presence-middle-east> (жүгінген күні: 10.09.2023).
26. US will 'protect' its technology against China theft in Middle East // Al-Monitor. – 2023 – URL: <https://www.al-monitor.com/originals/2023/03/us-will-protect-its-technology-against-china-theft-middle-east-leaf> (жүгінген күні: 01.10.2023).
27. Китай пришел для мира – Выступление председателя КНР Си Цзиньпина на саммите ООН по миротворчеству. – 2015. – URL: http://ru.china-embassy.gov.cn/rus/ztbd/QQ13/201512/t20151202_3113379.htm (жүгінген күні: 02.10.2023).
28. Yi W. Attends the Second Middle East Security Forum. – 2022. – URL: http://sv.china-embassy.gov.cn/exp/Hoy/202209/t20220923_10770221.htm (жүгінген күні: 02.10.2023).
29. Marks J. China's Evolving Conflict Mediation in the Middle East // Middle East Institute. – 2022. – URL: <https://www.mei.edu/publications/chinas-evolving-conflict-mediation-middle-east> (жүгінген күні: 02.10.2023).
30. Военный корабль Китая эвакуировал из Йемена более 200 иностранцев // РИА-новости. – 2015. – URL: <https://ria.ru/20150403/1056458655.html> (жүгінген күні: 03.10.2023).
31. Keynote Speech by H.E. Xi Jinping President of the People's Republic of China At the China-GCC Summit Building on Past Achievements and Jointly Creating a Brighter Future of China-GCC Relations. – 2022. – URL: https://www.fmprc.gov.cn/eng/zxxx_662805/202212/t20221210_10988408.html (жүгінген күні: 05.10.2023).

References

1. Kaplan R. How Far Can Beijing Reach on Land and at Sea? – 2010. – URL: <https://www.foreignaffairs.com/articles/china/2010-05-01/geography-chinese-power> (Date of access: 10.09.2023).
2. Ylönen A. The Dragon and the Horn: Reflections on China–Africa Strategic Relations // Insight on Africa. – 2020. – Т. 12, № 2. – С. 145-159.

3. Xi Jinping's report at 19th CPC National Congress. – 2017. – URL: https://www.chinadaily.com.cn/china/19thcpconationalcongress/2017-11/04/content_34115212.htm.
4. China's National Defense in the New Era / The State Council Information Office of the People's Republic of China. – 2019. – URL: <https://www.chinadaily.com.cn/specials/whitepaperonnationaldefenseinnewera.pdf>. (Date of access: 10.09.2023).
5. China Naval Modernization: Implications for U.S. Navy Capabilities—Background and Issues for Congress / Congressional Research Service. – 2023. – URL: <https://sgp.fas.org/crs/row/RL33153.pdf>. (Date of access: 11.09.2023).
6. Military and Security Developments Involving the People's Republic of China / U.S. Department of Defense. – 2023. – URL: <https://www.defense.gov/News/Releases/Release/Article/3561549/dod-releases-2023-report-on-military-and-security-developments-involving-the-pe/>. (Date of access: 11.09.2023).
7. China's Arab Policy Paper. – 2016. – URL: https://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/wjdt_665385/2649_665393/201601/t20160114_679437.html. (Date of access: 15.09.2023).
8. Fulton J. China's Changing Role in the Middle East / Atlantic Council. – 2019. – URL: <http://www.jstor.org/stable/resrep20938>. (Date of access: 17.09.2023).
9. Sun D. China and the Middle East security governance in the new era // Contemporary Arab Affairs. – 2017. – T. 10, № 3. – С. 354-371.
10. Olimat M. China and the Middle East from Silk Road to Arab Spring. / Abingdon and New York: Routledge. – 2013.
11. Jawad H. A. The Middle East in the new world order. / Houndmills: Palgrave Macmillan. – 2016.
12. Mjehjen A. Vlijanie morskoy sily na istoriju 1660-1783// – Moskva: Terra Fantastica, 2002.
13. China's Military Strategy. – 2015. – URL: https://english.www.gov.cn/archive/white_paper/2015/05/27/content_281475115610833.htm. (Date of access: 17.09.2023).
14. Czin C. Morskoe izmerenie jenergeticheskoy politiki Kitaja; FGBOU VO Sankt-Peterburgskij gosudarstvennyj universitet. – Sankt-Peterburg. – 2021.
15. Bo Z. The String of Pearls and the Maritime Silk Road. – 2014. – URL: http://www.china.org.cn/opinion/2014-02/12/content_31445571.htm. (Date of access: 17.09.2023).
16. Country Analysis Executive Summary: China / US Energy Information Administration. – 2022 – URL: https://www.eia.gov/international/content/analysis/countries_long/China/china.pdf. (Date of access: 20.09.2023).
17. International Energy Outlook 2021 / US Energy Information Administration. – 2021. – URL: https://www.eia.gov/outlooks/ieo/pdf/IEO2021_ReleasePresentation.pdf. (Date of access: 20.09.2023).
18. Kordestani A. Iran-China pact stokes fears of Beijing's military encroachment // Iran-China pact stokes fears of Beijing's military encroachment / – 2021.
19. Lutmar C., Rubinovitz Z. The Suez Canal: Past Lessons and Future Challenges. / Palgrave Macmillan Cham. – 2023.
20. Titov V. V. Njurnbergskij process. Sbornik materialov. / – Moskva: Juridicheskaja literatura. – 1989.
21. Evron Y. China's Military-Civil Fusion and Military Procurement // Asia Policy. – 2021. – T. 28, № 1. – С. 25-44.
22. Kardon I. Research & Debate—Pier Competitor: Testimony on China's Global Ports // Naval War College Review. – 2021. – T. 74, № 1. – С. 11.
23. Lubold G., Strobel W. P. Secret Chinese port project in Persian Gulf rattles US relations with UAE // The Wall Street Journal. – 2021. – T. 19.
24. Sun D. China's partnership diplomacy in the Middle East // Book China's partnership diplomacy in the Middle East / EditorAsia Dialogue – 2020. – URL: <https://theasiadialogue.com/2020/03/24/chinas-partnership-diplomacy-in-the-middle-east/>. (Date of access: 01.10.2023).
25. Sun D. China's soft military presence in the Middle East // Middle East Institute. – 2015. – URL: <https://www.mei.edu/publications/chinas-soft-military-presence-middle-east>. (Date of access: 10.09.2023).
26. US will 'protect' its technology against China theft in Middle East // Al-Monitor. – 2023 – URL: <https://www.al-monitor.com/originals/2023/03/us-will-protect-its-technology-against-china-theft-middle-east-leaf>. (Date of access: 01.10.2023).
27. Kitaj prishel dlja mira – Vystuplenie predsedatelja KNR Si Czin'pina na sammite OON po mirotvorchestvu. – 2015. – URL: http://ru.china-embassy.gov.cn/rus/ztbd/QQ13/201512/t20151202_3113379.htm. (Date of access: 02.10.2023).
28. Yi W. Attends the Second Middle East Security Forum. – 2022. – URL: http://sv.china-embassy.gov.cn/exp/Hoy/202209/t20220923_10770221.htm. (Date of access: 02.10.2023).
29. Marks J. China's Evolving Conflict Mediation in the Middle East // Middle East Institute. – 2022. – URL: <https://www.mei.edu/publications/chinas-evolving-conflict-mediation-middle-east>. (Date of access: 02.10.2023).

30. Voennyj korabl' Kitaja jevakuiroval iz Jemena bolee 200 inostrancev // RIA-novosti. – 2015. – URL: <https://ria.ru/20150403/1056458655.html>. (Date of access: 03.10.2023).

31. Keynote Speech by H.E. Xi Jinping President of the People's Republic of China At the China-GCC Summit Building on Past Achievements and Jointly Creating a Brighter Future of China-GCC Relations. – 2022. – URL: https://www.fmprc.gov.cn/eng/zxxx_662805/202212/t20221210_10988408.html. (Date of access: 05.10.2023).

ВОЕННО-МОРСКАЯ ПОЛИТИКА КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКИ В РАМКАХ ПРОЕКТА МОРСКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ XXI ВЕКА И ВЗАИМООТНОШЕНИЯ СО СТРАНАМИ БЛИЖНЕГО ВОСТОКА

Аяна САПАР, магистрант кафедры «Политология» ЮКУ им.М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, erlankyzy02@mail.ru

Жулдыз ТУРЕКУЛОВА, доктор PhD, доцент кафедры «Политология» ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, turekulova74@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Нурлан МУМИНОВ, доктор PhD, Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, n.muminoff@gmail.com; Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан, n.mumiov@ayu.edu.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7824-7044>

NAVAL POLICY OF THE PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA WITHIN THE FRAMEWORK OF THE 21ST CENTURY MARITIME SILK ROAD PROJECT AND RELATIONS WITH THE COUNTRIES OF THE MIDDLE EAST

Ayana SAPAR, master student, Department of Political Science, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, erlankyzy02@mail.ru

Zhuldyz TUREKULOVA, PhD, Associate Professor of the Department of Political Science, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, turekulova74@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Nurlan MUMINOV, PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, n.muminoff@gmail.com; Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, n.mumiov@ayu.edu.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7824-7044>